

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

ҚР ҒЖБМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының 2-кезеңіне үміткерлерді ұсыну үшін конкурстық комиссия мәжілісінің ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

18 қараша 2025 жыл

Сағат: 10.30

201 кабинет

Қатысқандар: Мырзаев Б.М., Умирбекова А.Н., Жумжаева Г.К., Сейткулова Ж.А., Сыздыкова Г.Ж., Аширбек Г.Б.

Күн тәртібі

1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсына сараптамалық топтың әр үміткер бойынша қорытындыны қарау және Ғылыми кеңес мәжілісіне ұсыну туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

Комиссия төрағасы, Басқарма төрағасы-Ректор міндетін атқарушы Мырзаев Б.М. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан жарияланған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсы (әрі қарай - Конкурс) туралы жалпы мәліметтермен таныстырды. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсына ҚР ҒЖБМ талабы бойынша ЖОО-ның штаттық оқытушылары болып табылатын және Конкурсқа құжаттарын тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үзіліссіз ғылыми-педагогикалық өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алатындығын айтып өтті.

Сараптамалық топ мүшелерінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсына үміткерлердің сараптамалық қорытынды нәтижелерін қарауға конкурстық комиссия мүшелеріне ұсынылды.

Сөз сөйледі: комиссия хатшысы, Ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Аширбек Г.Б. Конкурстың университетішілік кезеңіне қатысқан үміткерлер туралы баяндады. Университетімізден аталмыш конкурстың бірінші кезеңіне «Туризм» мектебінің директоры, PhD С.А. Нахипбекова, «Дене шынықтыру және спорт» мектебінің аға оқытушысы Н.Б. Омаров, «Гуманитарлық» мектебінің профессор м.а., филос.ғ.к. А.Ж. Малдыбек, «Гуманитарлық» мектебінің қауымдастырлған профессоры, т.ғ.к. Э.Е. Альжанова, «Тіл» мектебінің қауымдастырлған профессоры, п.ғ.к. Б.Б. Кенджаева, «Тіл» мектебінің PhD, аға оқытушысы С.Б. Утебеков құжаттарын ұсынды. Конкурстық құжаттамалар ҚР ҒЖБМ Ақпараттық жүйесі арқылы рәсімделді және Сараптама тобымен бағаланды. Сараптама тобының құрамы Л.С. Динашева – Гуманитарлық мектебінің директоры, профессор, т.ғ.к., Б.С. Омаров – Дене шынықтыру және спорт мектебінің директоры, PhD, профессор, Э.С. Алимкулова - Қонақжайлылық

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

мектебінің директоры, қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к., Д.С. Асан - Туризм мектебінің қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к., Г.А. Ризаходжаева – Ғылыми зерттеу орталығының қызметкері, PhD, қауымдастырылған профессор м.а. болды. Сараптама тобы конкурстық құжаттамаларды бағалауды Ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырды. Сарапшылар және апелляциялық комиссия Аталмыш конкурс бойынша сараптамалық топтың сапалық және сандық көрсеткіштерінің қорытындысы төмендегі кестеде көрсетілген.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсына сарапшылар мен апелляциялық комиссияның сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша қорытындысы

№	ОПҚ аты-жөні	Мектеп	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Ұпайы
1	Малдыбек Ақмарал Жұмағұлқызы	Гуманитарлық мектебі	Филос.ғ.к.	25	80
2	Кенджаева Балнур Балабековна	Тіл мектебі	П.ғ.к.	20	82
3	Утебеков Сенбек Бейсенбекович	Тіл мектебі	PhD.	16	69
4	Альжанова Эльмира Есиркеповна	Гуманитарлық мектебі	Т.ғ.к.	30	59,5
5	Омаров Нурлан Болатович	Дене шынықтыру және спорт мектебі	магистр	7	84
6	Нахипбекова Сымбат Абдраимқызы	Туризм мектебі	PhD.	11	56,5

Сарапшылар мен апелляциялық комиссияның сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша қорытындысы бойынша А.Ж. Малдыбек – 80, Б.Б. Кенджаева – 82, С.Б. Утебеков- 69, Э.Е. Альжанова - 59,5, Н.Б. Омаров – 84 және С.А. Нахипбекова – 56,5 ұпай жинақтады.

Комиссия мүшесі, Ғылыми зерттеу орталығының басшысы Умирбекова А.Н.: Республикалық конкурсқа қатысу үшін Конкурс ережесіне сәйкес 50 штаттық оқытушыға 1 үміткерден аспайтын есеппен, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (ЖЖОКБҰ) үздік оқытушылары айқындалатындығы жөнінде сөз сөйледі. 2025-2026 оқу жылында университетімізде профессор-оқытушы құрамының штатына қарай

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

университетімізден Республикалық конкурсына 2 үміткер жібере алатындығымыз жөнінде айтты.

Сарапшылар және апелляциялық комиссия жұмысының нәтижесі бойынша жоғары ұпай жинаған үміткерлер «Тіл» мектебінің қауымдастырлған профессоры, п.ғ.к. Б.Б. Кенджаева және «Дене шынықтыру және спорт» мектебінің магистр аға оқытушысы Н.Б. Омаров «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының республикалық кезеңіне жіберуге ұсыныс білдірді. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 16 наурыздағы № 124 бұйрығында ЖОО аффилиация болу міндеттелмеген, дегеніменде, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ ғылыми-педагогикалық дамуына өз үлесін қосқан үміткерді ұсыну орынды екенін алға тартты.

Университет комиссиясының мүшелерінің талқылауымен шешім шығарылды.

ШЕШІМ:

1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсы бойынша қорытынды нәтижелері университет сайтына жариялансын.

2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының 2- Республикалық кезеңіне жіберу үшін «Тіл» мектебінің қауымдастырлған профессоры, п.ғ.к. Б.Б. Кенджаева және ««Дене шынықтыру және спорт» мектебінің магистр аға оқытушысы Н.Б. Омаровтың құжаттарын қарау Ғылыми кеңес мәжілісіне ұсынылсын.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы



Б.К. Мырзаев

Г.Б. Аширбек